

ДЕРАДИКАЛИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТҮЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жаншин Н.Б.

«Дін психологиясы» мамандығының магистранты,

Қайырбеков Н.Е.

«Дінтану» кафедрасының доцент м.а., PhD,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

Мақалада тұлғаның радикалдану кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктері мен дерадикализация үдерісінің мазмұндық және әдіснамалық қырлары жүйелі түрде қарастырылады. Радикалданудың негізгі себептері айқындалып, тұлғаның эмоциялық және когнитивтік жағдайына кешенді талдау жасалады. Зерттеу аясында түзету мекемелері мен діни оңалту бағытында жүргізілген жұмыстар негізінде алынған эмпирикалық деректер сарапталып, олардың психологиялық интерпретациясы ұсынылады.

Нәтижесінде, дерадикализация үдерісінің тиімділігі тұлғаның жеке психологиялық параметрлерін (темпераменті, эмоциялық реттелуі, когнитивтік стилі, құндылықтық бағдарлары) ескере отырып ұйымдастырылған кешенді ықпал жүйесіне тікелей байланысты екені ғылыми тұрғыда негізделді.

Қазіргі кезеңде радикализация мәселесі тек саяси немесе құқықтық сипаттағы проблема ретінде емес, тұлғаның ішкі психологиялық трансформациясымен байланысты күрделі құбылыс ретінде қарастырылуда. Радикализация - адамның дүниетанымдық жүйесінде, құндылықтық бағдарында және әлеуметтік мінез-құлқында түбегейлі өзгерістердің қалыптасуы. Бұл үдеріс көбіне зорлық-зомбылықты ақтау, қоғамды полярлы қабылдау және альтернативті көзқарастарды теріске шығарумен сипатталады.

Тұлғаның радикал идеяларға бейімделуі көбінесе мағыналық дағдарыспен байланысты. Виктор Франкл адамның өмірлік мәнді жоғалтуын «экзистенциалдық вакуум» ұғымымен түсіндіреді [1, 104-б.]. Өмірлік мақсаттың бұлыңғырлығы мен әлеуметтік әділетсіздік сезімі тұлғаны абсолютті ақиқат пен нақты құрылымды ұсынатын идеологиялық жүйелерге бағыттауы мүмкін. Тәжірибеде радикал көзқарастағы тұлғаларда әлеуметтік оқшаулану, фрустрация деңгейінің жоғарылығы және ішкі реніштің жинақталуы жиі байқалады.

Әлеуметтік сәйкестік механизмі де маңызды рөл атқарады. **Анри Тайфель** әлеуметтік идентификация теориясында тұлға өзін белгілі бір топпен сәйкестендіру арқылы өзіндік бағасын арттыратынын көрсетеді [2, 33-б.]. Радикал ортада «біз» және «олар» дихотомиясы күшейіп, әлем қара-ақ категориялар арқылы қабылданады. Бұл полярлы ойлау тұлғаның сыни талдау қабілетін төмендетеді және топаралық шиеленісті арттырады.

Когнитивтік бұрмалаулар радикализацияның орталық механизмдерінің бірі болып табылады. Қара-ақ ойлау, катастрофизация, селективті қабылдау және жалпылау тұлғаның ақпаратты өңдеу жүйесін шектейді. Альберт Бандура әлеуметтік үйрену теориясында агрессияның модель арқылы қалыптасатынын дәлелдеген [3, 78-б.]. Радикал топтарда зорлық әрекеттері моральдық тұрғыдан ақталып, қасиетті миссия ретінде ұсынылады. Мұндай жағдайда моральдық жауапкершілікті ығыстыру механизмі іске қосылады, нәтижесінде жеке кінә сезімі әлсірейді.

Радикал тұлғаны психологиялық диагностикалау барысында темперамент, мінез акцентуациясы, эмоциялық реттелу деңгейі және когнитивтік стильдер ескеріледі. Карл Леонхард ұсынған акцентуация теориясы кейбір мінез типтерінің қатаң идеологиялық құрылымдарға бейімді болуы мүмкін екенін көрсетеді [4, 56-б.]. Практикалық бақылауларда эпилептоид типіндегі тұлғаларда тәртіп пен қатаң жүйеге жоғары қажеттілік байқалса, сенситивті типте әділетсіздікке жоғары эмоционалдық реакция анықталды. Эмоциялық реттелу деңгейі дерадикализация үдерісінде шешуші маңызға ие. Дэниел Гоулман эмоциялық интеллекттің төмендігі импульсивті мінез-құлыққа және агрессияның конструктивті емес көріністеріне әкелетінін көрсетеді [5, 45-б.]. Тәжірибелік жұмыс барысында радикал көзқарастағы тұлғаларда эмоцияны тану және басқару дағдыларының әлсіздігі, рефлексия деңгейінің төмендігі байқалды.

Құндылықтық бағдар жүйесі де маңызды фактор болып табылады. Шалом Шварц құндылықтар теориясында қауіпсіздік, дәстүр және билік құндылықтарының шамадан тыс басым болуы авторитарлық тенденциялармен байланысты екенін көрсетеді [6, 21-б.]. Отандық зерттеулерде әлеуметтік фрустрация мен идентификациялық дағдарыс діни экстремизмнің психологиялық алғышарттары ретінде қарастырылады [7, 64-б.].

Жас ерекшелік психологиясы тұрғысынан қарағанда, тұлғаның қалыптасу кезеңінде құндылықтық ізденіс пен өмірлік бағдарды анықтау үдерісі ерекше маңызға ие. Дәл осы кезеңде әлеуметтік ықпал мен идеологиялық әсерге осалдық күшейеді [8, 112-б.].

Эрик Эриксонның жас ерекшелік психология тұжырымына сәйкес, адамның қауіпсіздік, сенімсіздік, қорқыныш секілді тұлғалық психоэмоционалды жағдайлары дүниеге келген сәттен бастап қалыптасады. Бұл сезімдердің өмірлік сенім жүйесімен байланыстырылуына ата-ананың ықпалы зор. Адамның діндарлық сана-сезімінің дұрыс бағдар-бағдары жас ерекшелік психологиясы бойынша қоршаған орта мен үлгі тұтатын тұлғамен тікелей байланыстырылады. Тұлға құрылымының бағыттылығы, мінез ерекшеліктері мен сенім жүйесі оның радикал идеяларды қабылдауына немесе сын тұрғысынан қарауына тікелей ықпал етеді [9, 87-б.].

Тәжірибелік зерттеу түзету мекемелері мен діни оңалту бағытындағы жұмыстар аясында жүргізілді. Жалпы саны жетпістен астам адам жеке және топтық форматта қамтылды. Жұмыс барысында клиникалық сұхбат, тұлғалық акцентуация диагностикасы, құндылықтық бағдар сауалнамасы және когнитивтік қайта құрылымдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар теологиялық түсіндіру және психокоррекциялық тренингтер жүргізілді.

Бақылау нәтижесінде, ригидті когнитивтік стиль басым тұлғаларда бастапқы кезеңде альтернативті пікірді қабылдамау, әлемді полярлы бағалау және эмоциялық шиеленіс байқалды. Когнитивтік қайта құрылымдау мен эмоциялық реттеу жаттығулары енгізілгеннен кейін бірқатар қатысушыларда «қара-ақ» ойлау деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік диалогқа ашықтықтың артуы және агрессия көрсеткіштерінің азаюы анықталды. Жекелеген жағдайларда өмірлік мағынаны қайта қарастыруға бағытталған жұмыс айқын нәтижелер берді. Мағыналық бағдарды өзгерту тұлғаның әлеуметтік рөлдерін қайта құруға, отбасылық қатынастарды жақсартуға және конструктивті мінез-құлық стратегияларын қалыптастыруға ықпал етті. Жалпы динамикада қатысушылардың жартысынан астамында когнитивтік-ригидтілік деңгейінің төмендеуі және эмоциялық тұрақтылықтың артуы байқалды.

Жүргізілген талдау радикализация үдерісінің эмоциялық дағдарыс, когнитивтік бұрмалаулар және әлеуметтік идентификация механизмдерінің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасатынын көрсетеді. Деррадикализация үдерісі тұлғаның темпераментін, мінез акцентуациясын, эмоциялық интеллект деңгейін және құндылықтық құрылымын ескере отырып жүргізілген жағдайда анағұрлым тиімді болады.

Қорытындылай келе, деррадикализация - тұлғаның ішкі психологиялық құрылымын қайта ұйымдастыруға бағытталған кешенді үдеріс. Ол тек идеологиялық түсіндірумен шектелмей, когнитивтік қайта құрылымдау, эмоциялық реттеу дағдыларын дамыту және әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз етуді қамтуы тиіс. Магистрлік зерттеу аясындағы эмпирикалық деректер психологиялық ықпалдың жүйелі және ұзақ мерзімді сипатта болған жағдайда радикал көзқарастардың трансформациялану мүмкіндігі жоғары екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Франкл В. Человек в поисках смысла. Бостон, 2006. 184 с.
2. Тайфель А. Social identity and intergroup relations. Cambridge: Cambridge University Press, 1982. 255 p.
3. Бандура А. Social learning theory. Englewood Cliffs: Prentice Hall, 1977. 247 p.
4. Леонгард К. Акцентуированные личности. М.: Медицина, 1968. 312 с.
5. Гоулман Д. Emotional intelligence. New York: Bantam Books, 1995. 352 p.
6. Шварц Ш. Universals in the content and structure of values // Advances in Experimental Social Psychology. 1992. Vol. 25. P. 1–65.
7. Алдабергенов Қ. Діни экстремизм психологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 210 б.
8. Қалиев С. Жас ерекшелік психологиясы. Алматы: Рауан, 2015. 256 б.
9. Нұрғалиева Г. Тұлға психологиясы. Астана, 2020. 198 б.